

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРИЛІГІ
АЛМАТЫ КАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ
АЛМАЛЫ АУДАНДЫК ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

2013 ж. 13. 06 зерткізу
№ 4598-1910-02 бк4

Алғашқы тәржемен күні ж. « 06
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАЛЫНОГО РАЙОНА
произведена государственная перерегистрация
юридического лица № 4598-1910-02 бк4

свидетельство № 4598-1910-02 бк4
дата первичной регистрации « 06.06.2010 г.
бсн/бин 080640006795

«Казақстан Бухгалтерлери мен
бухгалтерлік үйымдар Одағы»
бухгалтерлер кәсіби үйимы
конференциясының шешімімен



«ҚАЗАҚСТАН БУХГАЛТЕРІ МЕН БУХГАЛТЕРЛІК ҮЙЫМДАР ОДАҒЫ»

БУХГАЛТЕРЛЕР КӘСІБИ ҮЙЫМЫНЫҢ

ЖАРҒЫСЫ

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРИЛІГІ
АЛМАТЫ КАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
АЛМАЛЫ АУДАНДЫК ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

100 07 09 зерткізу
№ 4598-1910-02 бк4

Алғашқы тәржемен күні ж. « 09. 06
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ ИСПОЛУЧАЕМОГО КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАЛЫНОГО РАЙОНА
произведено государственная перерегистрация
юридического лица № 07 09 2010 г.
свидетельство № 4598-1910-02 бк4
дата первичной регистрации « 09.06.2008 г.
бсн/бин 080640006795

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРИЛІГІ
АЛМАТЫ КАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ
АЛМАЛЫ АУДАНДЫК ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
КУРЫЛТАЙ ҚОДАСТАРЫНА ФЕРТЕРУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚСЫЗЛАМА ЕНПІЗІЛЕН

№ 1998 13. 06 БАЙРЫНЫ
2013 ж. 13. 06
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАЛЫНОГО РАЙОНА
внесены изменения и дополнения
в учредительные документы
ПРИКАЗ № 1998
13. 06 2013 г.

Алматы 2013

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Қазақстан бухгалтерлері мен бухгалтерлік ұйымдар Одағы» бухгалтерлер кесіби үйымы (мәтін бойынша бұдан әрі – «Одақ») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды (алғашқы мемлекеттік тіркеуге енген күні - 09.06.2008 ж.) және бухгалтерлер мен бухгалтерлік ұйымдарды біріктіретін бейкоммерциялық ұйым болып табылады.

1.2. Одақтың толық және қысқаша атауы:

Мемлекеттік тілде: «Қазақстан бухгалтерлері мен бухгалтерлік ұйымдар Одағы» бухгалтерлер кесіби үйымы («ҚБ мен БО» БКҰ);

Орыс тілінде: Профессиональная организация бухгалтеров «Союз бухгалтеров и бухгалтерских организаций Казахстана» (ПОБ «СБ и БОК»);

Ағылшын тілінде: «Union of Accountants and Accounting Organizations of Kazakhstan» Professional Accounting Organization.

1.3. Одақтың ұйымдық-құқықтық нысаны – бухгалтерлердің кесіби үйымы.

1.4. Одақтың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Алмалы ауданы, Мұратбаев к., 200-үй, 104 кеңсе.

1.5. Одақ өз қызметінде Қазақстан Республикасының колданыстағы заңнамасын басшылыққа алады. Одақ оқшауланған мүлікті иеленеді, дербес балансы, банктерде шоттары, өзінің аты жазылған дөңгелек мөрі мен таңбалары бар, өзінің атынан шарттар жасасады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленеді және жүзеге асыра алады, жауапкершілікті атқарады, сotta жауапкер мен талапкер бола алады.

1.6. Одақтың тіркеуден өткені тіркеу туралы куәлікпен расталады.

2. ОДАҚ ҚЫЗМЕТИНІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

2.1. Одақтың мақсаты оның мүшелерінің экономикалық, әлеуметтік, мәдени, кесіби құқықтары мен еріктерін жүзеге асыру мен алға жылжыту, олардың мүдделерін қорғау, олардың кесіби біліктерін дамыту, кесіби мүдделерін қанағаттандыру, халықаралық стандарттар негізінде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп-қисапты бұдан әрі жетілдіруге ықпал ету, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп-қисап саласындағы жұмыстың он тәжірибесін талдау, қорытындылау және тарату, кесіби бухгалтерлерді дайындау мен қайта даярлауға көмек беру болып табылады.

2.2. Одақ қызметінің мәні келесілер болып табылады:

1) бухгалтерлік есеп саласындағы есеп қызметкерлерін сертификаттау мен кесіби деңгейін көтеруге жәрдем беру;

2) бухгалтерлік есеп бойынша халықаралық стандарттарды зерттеуге, ендірге және таратуға жәрдем беру;

3) Қазақстан Республикасының кесіби бухгалтерлерімен ұсынылатын кен ауқымда көрсетілетін білікті қызметтерді көпшіліктің мойындауына қол жеткізу;

4) бухгалтерлерді оқыту мен олардың біліктілігін көтеру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу, оку бағдарламалары мен оқытуға арналған әдістемелік құралдарды әзірлеу;

5) бухгалтерлердің белсенді кесіби қызметі үшін жағдай жасау;

6) басқа бухгалтерлік ұйымдармен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;

7) бухгалтерлік және ақылы кеңес беру қызметтерінің нарығын зерттеу;

8) бухгалтерлік есеп ұйымындағы бухгалтерлерге кеңестік-әдістемелік практикалық көмек көрсету;

9) бухгалтерлік және салық заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және енгізу;

10) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп-қисап саласындағы нормативтік құқықтық актілер бойынша ұсыныстар енгізу;

11) бухгалтерлік қызмет тәжірибесімен алмасу мақсатында үкіметтен тыс халықаралық байланыстарды дамыту;

- 12) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп-кисап саласындағы ағартушылық қызметті жүзеге асыру;
- 13) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп-кисап саласындағы білімді тарату мақсатында семинарлар, конференциялар, «дөңгелек үстелдер» және басқа да шараларды өткізу;
- 14) мемлекеттік және мемлекеттік емес айымдарға бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп-кисап саласында жәрдем беру;
- 15) қоғамдық пікірлерді сұрау мен басқа да зерттеулерді жүргізу;
- 16) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп-кисапты дамытудағы халықаралық он тәжірибелі зерттеу және тарату.

3. ОДАҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

- 3.1. Одақ заңмен белгіленген тәртіpte құқылы:
 - 1) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп-кисап мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлеуге қатысуға;
 - 2) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп-кисап саласындағы жұмыстың он тәжірибесін талдауға, қорытындылауға және таратуға;
 - 3) өзінің қызметі туралы акпаратты таратуға;
 - 4) соттар мен басқа да мемлекеттік органдарда, өзге қоғамдық бірлестіктерде өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін ұсыну және корғауға;
 - 5) басқа ұйымдармен халықаралық бей коммерциялық, үкіметтен тыс бірлестіктерге, қауымдастықтарға, (одақтарға) енуге;
 - 6) Одақтың филиалдары мен өкілдіктерін құруға;
 - 7) Жарғылық мақсаттарға жету үшін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға. Одақтың кәсіпкерлік қызметінен түсетін табыстары оның мүшелері арасында улестірілмейді және тек жарғылық мақсаттарға жету үшінға пайдаланылады;
 - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
- 3.2. Одақ міндетті:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп-кисап туралы заңнаманы сақтауға;
 - 2) Кәсіби ұйымның мүшелерін бухгалтерлердің кәсіби ұйымын тіркеу мен бухгалтерлердің кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымның ережелерімен белгіленген санда Кеңес беруші органның құрамына жолдауға және олардың толыққанды жұмыстарын қамтамасыз етуге;
 - 3) Үәкілетті органға өзінің қызметі туралы есепті заңнамамен белгіленген тәртіpte ұсынуға;
 - 4) Халықаралық және ұлттық стандарттарды қолдану жөніндегі сұраныстарды қарастыруға;
 - 5) өзінің мүшелеріне олардың құқықтары мен мүдделеріне қатысы бар құжаттармен танысуға мүмкіндіктер туғызуға;
 - 6) өзінің мүшелеріне Одақ мүшелеріне немесе Одақтың қызметіне қатысты кез келген өзгертулер және/немесе толықтырулар туралы өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген сәттен бастап бір айдың ішінде хабарлауға;
 - 7) өзінің мүшелеріне ақша қаражаттарының түсімі мен шығысы туралы хабардар етуге;
 - 8) Одақ мүшелерінің, Одақтың басқарушы органдарының лауазымды тұлғаларының жеке деректерінің сакталуы мен олардың таратылмауын қаматмасыз етуге және оларды тек Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіpte ғана беруге;

9) тіркеу органдарына тұрақты қызмет ететін басқарушы органының орналасқан жерінің және басшылар туралы деректердің өзгергені туралы электрондық тізілімге енгізілетін көлемде хабарлауга;

10) салықтар мен бюджеттің басқа да мінеджті төлемдерін белгіленген тәртіпте төлеуге;

11) өзінің міндеттемелері бойынша Қоғамға тиесілі барлық мүлкімен жауап беруге;

12) Қазақстан Республикасының заннамалық актілеріне сәйкес жауапкершілікті атқаруга.

4. ОДАҚҚА МУШЕЛІК ЖАҒДАЙЫ

4.1. Одактың Жарғысын мойындайтын және сақтайтын, Қоғамды құрудағы міндеттерді шешуге катысатын және мүдделі мақсаттарға жету үшін ықпал ететін және мүшелік жарналарды белгіленген тәртіпте төлеген занды және жеке тұлғалар Одакқа мүше бола алады.

4.2. Одак мүшелігіне енуге үміттенушінің мәртебесіне орай мүшеліктің келесі түрлері қарастырылған: нақты және ассоцияланған мүшелер.

Одактың нақты мүшелері келесілер болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының кәсіби бухгалтерлері;

2) Бухгалтерлердің халықаралық федерациясының нақты мүшесі болып табылатын шет елдік институтпен берілген кәсіби бухгалтердің сертификатын иеленетін бухгалтерлер.

Одактың ассоцияцияланған мүшелері бухгалтерлік есеп саласында қызмет көрсетулерді ұсынатын жеке және занды тұлғалар, бухгалтерлер мен бухгалтерлік ұйымдар болып табылады.

Ассоцияцияланған мүшелер келесі санаттарға бөлінеді:

1) ассоцияцияланған бухгалтер;

2) басымдығы бар бухгалтер;

3) ұйым.

4.3. Одак мүшелігіне қабылдауды Қоғамның атқарушы органы мүшелікке өтінім берушінің жазбаша өтініші негізінде жүргізеді. Одакқа мүшелікке қабылдаудан бас тартатын жағдай да, өтінім берушінің осы шешімге қатысты бас тарту туралы шешімді жоюға құқығы бар Одактың директорлар кеңесіне шағымдануға құқылы.

4.4. Одакқа мүшелік оның мүшелерінің негізгі және кез келген басқа қызметтеріне ешқандай шектеулер жүктемейді.

4.5. Одакқа мүшелік Одак мүшесінің өз бастамасы бойынша, Одактың Директорлар кеңесінің бастамасы бойынша, Одак мүшесі қайтыс болатын немесе занды тұлғалар үшін ол таратылатын жағдайда тоқтатылады.

4.6. Мүшелікті Одак мүшесінің өз бастамасы бойынша тоқтату Одак мүшелігінен шығу туралы жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі. Мұндай жағдайда өтініш тіркелген күн Одактың құрамынан ерікті шығу күні деп есептеледі.

4.7. Мүшелікті Директорлар кеңесінің бастамасы бойынша тоқтату осы Жарғының ережелерін, Мүшелік жөніндегі Ереже нормаларын және басқа да бекітілген Ережелерді, кәсіби әдеп кодексін сактамағандығы үшін, біліктілікті тұрақты көтеру бойынша оқудан өтпеген немесе кәсіби қызметті жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасының заннамасын бұзатын жағдайда жүргізіледі.

4.8. Одак мүшесінің немесе Одактың Директорлар кеңесінің бастамасы бойынша Одакқа мүшелік Одактың Директорлар кеңесімен тиісті шешім шығарылған сәтten бастап бір жылға дейінгі мерзімде тоқтатыла тұруы мүмкін. Мүшелік тоқтатылған уақытта Одак мүшесі Одак мүшесінің құқықтарын пайдаланбайды. Мүшелігі тоқтатылған Одак мүшесі бір жылдың ішінде өзінің жазбаша өтініші бойынша немесе Одактың Директорлар кеңесінің бастамасы бойынша мүшелікті тоқтату туралы шешім

қабылдауға негіз болған себептерді жойғаннан кейін өзінің мүшелігін қайта қалпына келтіруге құқылы.

4.9. Одақ мүшесін қабылдау, тоқтату, тоқтата тұру, қалпына келтіру мен мүшелік санатын өзгерту негіздері мен тәртібі мүшелік туралы ережеге сәйкес жүргізіледі.

4.10. Одақ мүшесі Директорлар кенесінің шешімі бойынша мүшелікті тоқтату, тоқтата тұру, қалпына келтіру мен өзінің мүшелік санатын өзгертуге келіспейтін жағдайда, Одақ Конференциясына шағымдануға құқылы.

5. ОДАҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

5.1. Одақтың нақты мүшесінің келесідегідей құқықтары бар:

- 1) Одақтың басқару органдарына сайлауға және сайлануға;
- 2) Конференцияға шығарылатын кез келген мәселе бойынша шешім қабылдау кезінде дауыс беруге;
- 3) Одақтың басқару органдарының талқылауына Қоғам қызметінің шеңберіне енетін мәселелер бойынша ұсыныстар жасауға, осы мәселелерді талқылауға қатысуға;
- 4) Одақпен өткізілетін барлық шараларға қатысуға;
- 5) басқару органдарынан Одақтың қызметі туралы акпарат алуға;
- 6) Одақтың кез келген басқару органына өзінің құқықтары мен занды мүдделерін қорғау үшін жолыгуға, кеңес алуға, әдістемелік және басқа да көмек түрлерін алуға;
- 7) Одаққа жаңа мүшелерді тартуға;
- 8) Осы Жарғымен және Мүшелік туралы ережемен белгіленетін тәртіп пен мерзімдерде Одақтың мүшелігінен кез келген уақытта шығуға.

5.2. Одактың ассоциацияланған мүшелері, Конференцияда дауыс беру құқығы мен Одактың басқару органдарына сайлау және сайлану құқығын есептемегендегі, Қоғамның нақты мүшелерімен тең құқықтарды иеленеді.

5.3. Қоғамның нақты және ассоциацияланған мүшелерінің міндеттері:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Жарғының ережелерін, Әдеп Кодексі мен Одактың қызметін реттейтін басқа да құжаттарды, сонымен қатар оның басқарушы органдарының шешімдерін сақтауга;
- 2) Одактың белгіленген міндеттерін шешу мен мақсаттарына жетуге, Одактың имиджін жақсартуға ықпал етуге;
- 3) Одакқа оның байланыстарына қатысты немесе Одакқа қатысты басқа да ақпараттың кез келген өзгертулері және/немесе толықтырулары туралы өзгерту және/немес етолықтыру күнінен кейін бір айдың ішінде хабарлауға;
- 4) мүшелік жарналарды Одактың Директорлар кенесімен бекітілген тәртіpte, мерзімдерде және мөлшерлерде төлеуге;
- 5) Одактың мүлкін күтіп қарауға, және оны көбейту үшін шаралар қолдануға;
- 6) Өзінің біліктілігін тұрақты көтеруге және Одактың Директорлар кенесімен, Біліктілікті көтеру туралы ережемен бекітілген тәртіpte және мерзімдерде Одактың алдында біліктілікті көтеру туралы есеп беруге;
- 7) Одакпен тұрақты байланыста болуға және Одактың Атқарушы органына өзі туралы байланыс деректерінің – тегі, аты, занды мекенжайы, жұмыс орнының мекенжайы, үй, жұмыс және үялы телефондарының, электронды пошта жәшіктерінің өзгергені туралы өзгерген сәттен бастап 10 қүнтізбелік күн ішінде хабарлауға;
- 8) Одактың нақты мүшесі Конференцияға өзі тікелей немесе олардың өкілдіктері расталатын құжатты көрсетуге тиісті болатын өзінің өкілдері арқылы қатысуға міндетті.

6. ОДАҚТЫҢ ОРГАНДАРЫ

6.1 Одақтың органдары келесілер болып табылады:

- 1) Жоғарғы орган – Конференция;

- 2) Басқарушы орган – Одақтың Директорлар кеңесі;
- 3) Атқарушы орган – Басқарма;
- 4) Бақылаушы орган – Тексеруші.

6.2. КОНФЕРЕНЦИЯ

6.2.1. Одақтың басқарушы органды Конференция болып табылады. Конференцияға Одақтың екі мүшесі енеді.

6.2.2. Конференциялар кезекті және кезектен тыс болып бөлінеді. Кезекті Конференцияны Одақтың Директорлар кеңесі кем дегенде төрт жылда бір рет шақырады. Өткізілетін күні, орны алдын ала жасалатын күн тәртібі Одақтың Директорлар кеңесімен белгіленеді.

6.2.3. Кезектен тыс Конференция келесілердің бастамасы бойынша шақырылады:

- 1) Одақтың Директорлар кеңесінің;
- 2) Атқарушы органдың басшысымен;
- 3) кем дегенде Одақтың 1/5 нақты мүшелерімен;
- 4) Тексерушімен.

6.2.4. Конференцияның айрықша құзырына келесі мәселелер жатады:

1) Одақтың жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Одақты ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

3) Одақтың Директорлар кеңесі мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін, мүшелерді тағайындау мен олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды анықтау;

4) атқарушы органдың қаржылық есеп-қисапты ұсыну тәртібі мен кезенділігін, сонымен катар бақылаушы органдың тексеру жүргізу мен оның нәтижелерін бекіту тәртібін анықтау;

5) заннамалық актілермен белгіленген шектерде Одақтың басқа заңды тұлғаларды құруы немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

6) кәсіби бухгалтерлердің Әдеп кодексін, Конференцияларды өткізу тәртібі туралы Ережені және Одақтың қызметін реттейтін басқа да Ережелерді бекіту;

7) Одақ қызметінің басқа да мәселелері.

6.2.5. Конференция Одақтың орналасқан жері туралы Жарғының 1.4 тамағына өзгерту енгізу бөлігіндегі өзінің айрықша құзеттілігі мен құқықтарын Одақтың Директорлар кеңесіне табыстай алады.

6.2.6. Кезекті және кезектен тыс Конференцияларды өткізу тәртібі мен реттілігі Конференцияны өткізу туралы ережеде анықталады.

6.2.7. Конференцияға Одақтың нақты мүшелерінің 50% астамы жеке өздері катысадын не болмаса сырттай немесе электрондық дауыс беруге Одақтың нақты мүшелерінің кем дегенде 50% қатысқан болса, ол шешім қабылдауға құқылы өкілетті болады. Одақтың әрбір нақты мүшесі Конференцияда бір дауыстан иеленеді. Одақтың нақты мүшесі өзінің дауысын жазбаша және тиісті түрде рәсімделген сенімхат бойынша өз өкіліне табыстауға құқылы. Өкілге табысталған дауыс құқығы Конференцияда кворумды анықтау мен шешім қабылдау кезінде есепке алынады.

6.2.8. Конференцияның шешімдері, Конференцияға нақты мүшелерінің 2/3 бөлігінен астамы қатысадын жағдайда оған қатысушылардың 2/3 бөлігінен астамы дауыс беруге тиісті болатын Қоғамның қызметін тоқтату мен қайта ұйымдастыру туралы шешімді есепке алмағанда, жай көпшілік дауыстармен қабылданады. Конференцияның Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы шешімі Конференцияға қатысып отырган нақты мүшелердің жай көпшілік дауыстарымен қабылданады.

6.2.9. Одақтың ассоцияцияланған мүшелерінің Конференцияға қатысып отырган өкілдері кворумга әсер етпейді және дауыс беруге қатыспайды.

6.2.10. Конференцияның барлық шешімдері Одақ Басқармасының Төрағасының қолы қойылатын Хаттамамен ресімделеді.

6.3. ОДАҚТЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

6.3.1. Одақтың Директорлар кеңесі, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Конференцияның айрықша құзырына енгізілген мәселелерді есептемегенде, Одақ қызметінің жалпы басқарулының жүзеге асырады.

6.3.2. Одақтың Директорлар кеңесінің келесідегідей құқықтары мен міндеттері бар:

- 1) жарғылық мақсаттарға жету мен Конференция шешімдерін орындауға бағытталған іс-шараларды жоспарлайды;
- 2) Одақтың филиаладры мен өкілдіктері туралы ережелерді, Комитеттерді, Мүшелік туралы ережені, біліккүлкті көтеру туралы ережені бекітеді;
- 3) Одақ Комитеттерінің саны мен құрылымын бекітеді;
- 4) Атқарушы органның (Басқарманың) сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін бекітеді, оның жетекшілері мен мүшелерін сайлайды, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатады;
- 5) лауазымдық айлықтардың мөлшері мен Атқарушы органның басшысы мен мүшелеріне сыйақы төлеу жағдайларын анықтайды;
- 6) Одақтың шығыстары мен табыстарының (бюджет) сметасын бекітеді, Атқарушы органның оның орындалуы туралы есептерін тыңдайды, қажет болатын жағдайларда сыртқы аудитті тағайындайды;
- 7) Мүшелік жөніндегі Комитеттің ұсынуы бойынша Одақ мүшелерінің санаттарын тоқтатады, тоқтата тұрады, қалпына келтіреді және өзгертеді;
- 8) мүшелік жарналардың мөлшерін, тәртібі мен мерзімін белгілейді;
- 10) Тексерушіні сайлайды, қажет болатын жағдайда тәуелсіз аудиторлық компанияны тартады;
- 11) Атқарушы органның Одақтың ішкі қызметіне қатысты қабылдаған шешімдерін Конференцияның немесе сottың шешіміне дейін уақытша тоқтата тұрады;
- 12) Атқарушы орган мүшесінің (мүшелерінің) өкілеттіктерін, егер олардың әрекеттері (әрекетсіздіктері) Одакқа залал келтіретін болса, сонымен қатар Конференцияның, Одақтың Директорлар кеңесінің шешімдерін орындаамайтын жағдайларда Конференция тиісті шешім қабылдағанға дейін уақытша тоқтата тұрады;
- 13) Одақтың ұйымдық құрылымы мен штаттық кестесін бекітеді;
- 14) Одақтың есеп саясатын бекітеді;
- 15) Одақтың филиалдары мен өкілдіктерін құру мен жабу туралы шешім қабылдайды;
- 16) Конференция мен Тексерушінің құзырына енбейтін басқа да мәселелерді талқылады және шешім қабылдайды;
- 17) Жарғының 6.2. тармағына сәйкес Конференциямен табысталған өкілеттіктеріне сәйкес Одақтың орналасқан жері туралы Жарғының 1.4 тармағына өзгертулер енгізеді.

6.3.3. Одақтың Директорлар кеңесін бес жылдық мерзімге Конференция сайлайды және 5 (бес) адамнан тұрады. Одақтың Директорлар кеңесінің мүшелері өздері Одақтың Директорлар кеңесі құрамында жұмыс істейтін уақытта Одақтың Атқарушы және Бақылаушы органдарында кез келген лауазымды атқаруға құқысыз.

6.3.4. Директорлар кеңесі Одақтың мүшесі болып табылатын 3 (үш) директордан және 2 (ек) тәуелсіз аудитордан тұрады. Директорлар кеңесінің директор Одақтың, Одақтың Атқарушы және Бақылаушы органдарының қызметіне тәуелді болмауға тиіс.

Тәуелсіз директор:

- 1) Одақ мүшесі;
- 2) Одаққа үлестес тұлға;

3) Одақтың Атқарушы органымен бағынышты қатынаста байланысты болмауға тиіс.

6.3.5 Одақтың Директорлар кеңесінің отырыстары оның Төрағасының немесе Атқарушы органның (Басқарманың) бастамасы бойынша не болмаса Тексерушінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін. Одақтың Директорлар кеңесінің отырыстары жылына кем дегенде 1 шақырылады және Одақтың Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес сырттай дауыс беру арқылы өткізілуі де мүмкін.

Одақтың Директорлар кеңесінің отырыстарында Директорлар кеңесінің Төрағасы, ол болмайтын кездері – Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі төрағалық етеді.

6.3.6 Одақтың Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум оның мүшелерінің жартысынан кем болмауы тиіс.

6.3.7 Одақтың Директорлар кеңесінің шешімдері отырыс өткізілген сәтten бастап үш күннің ішінде қол қойылатын хаттамамен рәсімделеді.

6.3.8. Одақтың Директорлар кеңесінің шешімдері қатысып отыргандар санының жай көпшілік дауыстарымен қабылданады. Дауыстар тен түсетін жағдайда, Одақтың Директорлар кеңесінің Төрағасы дауыс беретін шешім қабылданады.

6.3.9. Одақтың Директорлар кеңесінің Төрағасы Одақтың мүшесі болып табылатын оның мүшелері қатарынан Одақтың Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік адустарымен ашық дауыс беру арқылы сайланады: Одақтың Директорлар кеңесі кез келген уақытта Одақтың Директорлар кеңесінің Төрағасын қайта сайлауға құқылды.

6.3.10. Одақтың Директорлар кеңесінің Төрағасы Одақтың Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді. Үшінші тұлғалармен қатынастарында Одақтың атынан сенімхатсыз әрекет етеді, сонымен қатар осы Жарғымен анықталған басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

6.3.11. Одақтың Директорлар кеңесінің Төрағасы болмайтын жағдайда оның міндеттерін Одақтың Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Одақтың Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

6.4. ОДАҚТЫҢ БАСҚАРМАСЫ

6.4.1. Одақтың Басқармасы Одақтың алқалық атқарушы органы болып табылады.

6.4.2. Одақтың Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Басқарма Төрағасы мен мүшелері сайланады және олардың өкілеттіктері тоқтатылады.

6.4.3. Одақтың Басқармасының отырыстары Одақ Басқармасының Төрағасы не болмаса оның мүшелерінің жартысынан көбінің талап етуі бойынша қажетіне қарай, бірақ әр тоқсанды кем дегенде бір рет шақырылады.

6.4.4. Атқарушы орган заң актілерімен және осы Жарғымен Одақтың басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзырына енгізілмеген Одақ қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылды.

6.4.5. Атқарушы органының мүшелері басқа ұйымдарда тек Одақтың Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істей алады.

6.4.6. Атқарушы органды Одақтың бірінші басшысы болып табылатын Басқарманың Төрағасы басқарады. Одақтың басшысы төрт жылдан аспайтын мерзімге сайланады және қатыранынан екі мерзімге айта сайлана алмайды. Басарманың Төрағасы өзінің қызметтерін Одақтың атынан жүзеге асырады және сенімхатсыз әрекет етеді.

6.4.7. Басарманың Төрағасы келесідегідей құқықтары мен міндеттері бар:

1) Конференцияның, Одақтың Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) Одақтың Директорлар кеңесінің отырыстары мен Конференцияларда талқылау үшін құжаттардың жобаларының әзірленуін ұйымдастырады;

3) Одақтың штаттық жұмыскерлерін жұмысқа қабылдайды және босатады;

- 4) бұйрықтар шығарады, қаржы және басқа да құжаттарға бірінші қол қою құқығын иеленеді;;
- 5) Одақ мүшелерінің есебін жүргізеді мен олармен байланыстарды ұйымдастырады;
- 6) Одақ Комитеттерінің жұмысын реттейді;
- 7) кеңес беруші және басқа да органдардың жұмыс жоспарларын бекітеді, олардың қызметін бақылауды жүзеге асырады;
- 8) бюджетпен салық және басқа да міндettі төлемдер бойынша есеп айырысуларға жауапкершілікті атқарады;

9) осы Жарғымен Конференцияның, Директорлар кеңесі мен Тексерушінің құзырына енгізілмеген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Одақтың Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Басқарма Төрағасының өкілеттіктері, қаржы және басқа да құжаттарға бірінші қол қою құқығын қоса алғанда, Одақтың мүшесі болып табылатын оның орынбасарына жүктелуі мүмкін.

6.4.8. Одақ басқармасының отырыстарында Төраға, ал ол болмайтын кездері – Басқарманың мүшесі болып табылатын оның орынбасарларының бірі төрағалық етеді.

6.4.9. Басқарманың отырысына оның мүшелерінің 50% астамы қатысатын болса, ол құқылыш өкілетті деп саналады. Басқарма тек Басқарма мүшелері мен Одақтың Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын жабық отырыс өткізу туралы шешім қабылдауга құқылы.

6.4.10. Басқарманың шешімі қатысып отыргандардың жай көпшілік дауыстарымен қабылданады. Басқарманың әрбір мүшесі бір дауыстан иеленеді. Дауыстар тең түсетін жағдайда Басқарманың Төрағасы дауыс беретін шешім қабылданатын болады.

6.4.11. Басқарманың шешімі отырыс өткізілген сәттен бастап үші күннің ішінде отырыска қатысып отырган Басқарманың барлық мүшелері қолдарын қоятын хаттамамен рәсімделеді.

6.4.12. Басқарма мүшелерінің бірі немесе Басқармамен анықталатын басқа тұлға Басқарма отырысының хатшысы болуы мүмкін. Басқарма мүшесінің талап етуі бойынша хатшы оған Басқарма отырысының хаттамасынан уәкілетті қызметкердің колымен және Одақтың мөрімен расталған үзінді көшірмені ұсынуға міндettі.

6.5. ТЕКСЕРУШІ

6.5.1. Тексеруші Одақ қызметінің қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асырады.

6.5.2. Тексерушіні Одақтың Директорлар кеңесі 4 (төрт) жылдық мерзімге тағайындауды және ол Одақтың Директорлар кеңесіне есеп береді. Тексерушінің өкілеттіктері Одақтың Директорлар кеңесінің шешімін мөрзімінен бұрын токтатылуы мүмкін. Одақтың Директорлар кеңесінің шешімі бойынша тәуелсіз аудиторлық компания тартылуы мүмкін.

6.5.3. Тексеруші Директорлар кеңесінің, Атқарушы органның мүшесі бола алмайды, сонымен қатар Одақта басқа да штаттық лауазымдарды атқармайды.

6.5.4. Тексерушінің өкілеттіктері:

1) Одақтың қызметінің және оның органдарының қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізеді;

2) Мақсатты қорлар мен Одақтың басқа да қорларының дұрыс үлестірілуі мен пайдаланылуын тексереді;

6.5.5. Тексерулер (аудит) қажетіне қарай, бірақ кем дегенде жылына бір рет жүргізіледі және актімен немесе аудиторлық есеппен ресімделеді.

6.5.6. Тексерулердің нәтижелері Одақтың Директорлар кеңесінің отырыстарында немесе Конференцияларда талқыланады.

7. МУЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ КӨЗДЕРІ

7.1. Одақтың мүлкін ақшалай немесе басқа да түрлерде қалыптастыру көздері заңнама актілеріне сәйкес келесілер болып табылады:

- 1) мүшелік жарналардан түсетін түсімдер;
- 2) ерікті мүліктік жарналар мен қайырымдылық;

Занмен белгіленетін жағдайларда тауарларды, қызмет көрсетулерді, жұмыстарды өткізуден түсетін түсім (табыс);

3) акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар мен салымдар (депозиттер) бойынша алынатын дивидендер (табыстар, сыйақылар (мұдде);

- 4) заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер.

7.2. Одақтың табыстары тек оның жарғылық мақсаттарына жету үшін ғана қолданылады және оның мүшелері мен басқа да субъектілер арасында үлестірілмейді.

7.3. Одақтың мүшелерінің өздері табыстаған мүліктеріне, оның ішінде мүшелік жарналарына құқықтары жоқ. Олар Одақтың міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал Одақ өзінен мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілікті атқармайды.

8. ЕСЕП ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ

8.1. Одақтағы есеп жүргізу мен қаржылық есеп Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte бақыланады және жүргізіледі.

8.2 Одақтың жылдық қаржылық есебінен алынатын Одақтың қызметі туралы қаржылық ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында және/немесе Одақтың сайтында жарияланады.

9. ОДАҚТЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕҢГІЗУ ТӘРТІБІ

9.1. Осы Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар осы Жарғының 6 тарауында белгіленген тәртіpte шақырылатын және тиісті шешім қабылдайтын Конференциямен енгізіледі және бекітіледі.

9.2. Осы Жарғының Одақтың орналасқан жері туралы 1.4 тармағына өзгертуді сондай-ақ Одақтың Директорлар кеңесі енгізуге құқылы.

9.3. Одақтың әрбір мүшесінің Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс жасауға құқығы бар. Ұсыныс жазбаша түрде Одақтың Атқарушы органдына табысталады.

9.4. Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы мәселе Конференцияның талқылауына Одақтың Директорлар кеңесімен оның қалауы бойынша, бірақ кемінде жарты жылда 1 (бір) рет енгізіледі.

9.5. Дауыс беру түрін Конференция анықтайды.

9.6. Жарғыға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгілінетін тәртіpte тіркеуге алынуға тиіс.

9. ОДАҚТЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТӘРТІБІ

9.1 Одақты қайта құру және тарату Конференцияның немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылатын жағдайларда сот шешімі бойынша жүргізіледі.

9.2 Конференцияның күн тәртібіне Одақты қайта үйімдастыру немесе тарату туралы мәселе енгізу құқығын Одақтың Директорлар кеңесі және Одақтың құрамының кем дегенде 1/5 бөлігін ұсынатын оның нақты мүшелері иеленеді.

9.3. ОДАҚТЫ ҚАЙТА ҮЙІМДАСТЫРУ

9.3.1. Одақ ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіpte қайта үйімдастырылуы мүмкін.

Одақты қайта ұйымдастыру бірігу, қосылу, бөлу, бөлініп шығу, қайта құру түрінде және ҚР заңнамасында қарастырылатын басқа да түрлерде жүргізілуі мүмкін.

9.3.2. Одақ, қосылу түрінде қайта ұйымдастырылатын жағдайды есептемегенде, қайтадан пайда болатын ұйымды (ұйымдарды) мемлекеттік тіркеуге алған сәтten бастап қайта ұйымдастырылды деп саналады.

9.3.3. Одақты оған басқа ұйымды қосу түрінде қайта ұйымдастыру кезінде олардың алғашқысы заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне қосылған ұйымның қызметінің тоқтатылғаны туралы жазу енгізілген сәтten бастап қайта ұйымдастырылды деп есептеледі.

9.4. ОДАҚТЫ ТАРАТУ

9.4.1. Одақ ерікті түрде (Конференцияның шешімі бойынша) және ҚР заңнамасында қарастырылған негіздер мен тәртіpte мәжбүрлі түрде (сот шешімі бойынша) таратылуы мүмкін.

9.4.2. Одақты тарату туралы шешім қабылдаған Одақтың Конференциясы осы туралы заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына дереу хабарлауға міндетті.

9.4.3. Одақтың Конференциясы тарату комиссиясын атқайындайды және ҚР заңнамасына сәйкес Одақты тарату тәртібімен мерзімдерін белгілейді.

9.4.4. Тарату комиссиясы тағайындалған сәтten бастап оған Одақтың мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілдіктер өтеді. Тарату комиссиясы таратылатын Одақтың атынан сотта бой көрсетеді.

9.4.5. Тарату комиссиясы Одақтың таратылатыны туралы, сонымен қатар оның несиегерлерінің кінәраттарын беру тәртібі мен мерзімдері туралы ақпаратты орталық әділет органының реңи баспа басылымдарында жариялады. Кінәраттарды беру мерзімі Одақты тарату туралы жария етілген сәтten бастап екі айдан көм болмауы тиіс.

Тарату комиссия несиегерлерді анықтау және борыштарды алу, филиадар мен өкілдіктерін алу шараларын колданады, сонымен қатар несиегерлерге Одақтың таратылатынын туралы жазбаша хабарлайды.

9.4.6. Кінәраттарды беру мерзімі аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы таратылатын Одақтың мүлкі, несиегерленмен берілген кінәраттардың тізбесі туралы, сонымен қатар оларды талқылау нәтижелері туралы мәлімет мазмұндалатын аралық тарату балансын жасайды.

9.4.7. Несиегерлермен есеп айырысқаннан кейін тарату комиссия Конференциямен бекітілетін тарату балансын жасайды.

9.4.8. Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне Одақты тарату туралы жазу енгізілгеннен кейін тарату аяқталды, ал Одақ өзінің қызметін тоқтатты деп саналады.

10. ОДАҚ ТАРАТЫЛАТЫН ЖАҒДАЙДА МУЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

10.1. Одақты тарату кезінде несиегерлердің талаптарын қанагаттандырғаннан кейін қалатын мүлік, егер заңнамалық актілермен басқа тәртіп қарастырылмаған болса, құрылтайшылық құжаттарда көрсетілген мақсаттарға жұмысалады.

10.2. Егер Одақ салық және басқа да женілдіктерді пайдаланған болса және мүшелердің және (немесе) құрылтайшылардың жарналары, қоғамның қайыр көрсетулері есебінен қызмет еткен, мемлекеттен немесе емемлекеттік емес ұйымдардан грант алған жағдайда, тарату кезінде несиегерлермен есеп айырысқаннан кейін қалатын мүлік мүшелердің, құрылтайшылардың, Одақтың лауазымды тұлғалары немесе жалдамалы қызметкерлерінің арасында үlestірілмейді, осы Жарғыга сәйкес жарғылық мақсаттарға пайдаланылуға тиіс. егер Одақтың Жарғысымен осындай тәіртіп қарастырылмаған болса, қалған мүлік тарату туралы шешім қабылдаған

органның шешімі бойынша таратылатын мақсаттары Одақтың мақсаттарындай немесе осы мақсатарға жақын бейкомерциялық ұйымдарға табысталуы мүмкін.

11. ОДАҚТЫҢ ӨКІЛДІКТЕРІ МЕН ФИЛИАЛДАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

11.1. Одақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында филиалдары мен өкілдіктерін құра алады.

11.2. Одақтың филиалы Одақтың орналасқан жерінен тыс жердегі және оның қызметінің барлығын немесе ішінәра, оның ішінде өкілдік қызметін жүзеге асыратын оның оқшауланған бөлімшесі болып табылады. Одақтың Өкілдігі Одақтың орналасқан жерінен тыс жердегі және Одақтың мүдделерін қорғау мен оны ұсынуды, оның атынан мәмілелер мен басқа да құқықтық әрекеттерді жүзеге асыратын оқшауланған бөлігі болып табылады.

11.3. Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлға болып табылмайды. Оларға Одақ мүлік бөліп береді және онымен бекітілетін ереже негізінде әрекет етеді. Филиал мен өкілдіктерінің мүлкі жеке баланста және оларды құрған Одақтың балансында есепке алынады.

11.4. Филиалдар мен өкілдіктерінің басшыларын Одақ Басқармасының Төрағасы тагайындауды және оның сенімхаты негізінде әрекет етеді.

11.5. Филиалдар мен өкілдіктер қызметін Одақтың атынан жүзеге асырады. Өзінің филиалы не болмаса өкілдігінің қызметі үшін жауапкершілікті Одақ атқарады.

12. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

12.1. Барлық реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

«Қазақстан бухгалтерлері
мен бухгалтерлік ұйымдар Одағы» БҚҰ
Директорлар кеңесінің Төрағасы



Абсалямов И.Г.

«Утверждён»
решением Конференции
профессиональной организации
бухгалтеров «Союз бухгалтеров
и бухгалтерских организаций
Казахстана»
протокол № 2
от «26» апреля 2013 г.



**Устав профессиональной организации бухгалтеров
«Союз бухгалтеров и бухгалтерских организаций Казахстана»**

Алматы 2013

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Профессиональная организация бухгалтеров «Союз бухгалтеров и бухгалтерских организаций Казахстана» (далее по тексту – «Союз») создана в соответствии с законодательством Республики Казахстан (дата первичной государственной регистрации - 09.06.2008 г.) и является некоммерческой организацией, объединяющей бухгалтеров и бухгалтерские организации.

1.2. Полное и сокращенное наименование Союза:

на государственном языке: «Қазақстан бухгалтерлері мен бухгалтерлік үйымдар Одағы» бухгалтерлер кәсіби үйымы («ҚБ мен БО» БКУ);

на русском языке: Профессиональная организация бухгалтеров «Союз бухгалтеров и бухгалтерских организаций Казахстана» (ПОБ «СБ и БОК»);

на английском языке: «Union of Accountants and Accounting Organizations of Kazakhstan» Professional Accounting Organization.

1.3. Организационно – правовая форма Союза – Профессиональная организация бухгалтеров.

1.4. Место нахождения Союза: Республика Казахстан, 050012, г. Алматы, Алмалинский район, ул. Муратбаева, д. 200, офис 104.

